

Бөрте жалпы орта білім беретін мектебінің 11-класс жетекшісі
С.К Дәйтованың 2022-2023 оқу жылындағы атқарған тәрбие жұмысының
жылдық есебі

2022-2023 оқу жылында 11-сыныпқа жетекшілік еттім. Сыныпта екі оқушы бар. Екеуі де қыз балалар. Оқу жылының тәрбие жүйесін жоспарлау мен тиімділік мақсатын талдауға тоқталатын болсақ, биылғы оқу жылында тәрбие жұмысының жоспарын белгіленген бағыттар бойынша жасадым.

Сыныпты жалпы зерттегенде сыныптағы екі оқушы да белсенді. Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, қалыпты. Сыныптың рухани-психологиялық ауа-райы, оқушылардың қарым-қатынастық мінезі- қыз балалар өзара да, басқа сынып оқушыларымен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді.

Сынып оқушылары технология, дене шынықтыру және басқа да түрлі үйірмелерге қатысады. Сонымен қатар оқушылар апталықтарға, мектептегі іс-шараларға қатысып, белсенділік таныта білді. Білім күні, денсаулық күні, отбасы күні, жаңа жыл мерекелеріндегі ұйымдастырылған мектепшілік іс-шараларға ұйымшылдықпен қатысып, класс атынан қабырға газеттерін шығарып отырды.

Оқушылардың көркем – эстетикалық, еңбек және шығармашылық таным деңгейі, сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын кию, сыныптағы кезекшілікті жауапкершілікпен атқаруда, сенбілік жұмыстарын жүргізуде олардың еңбек, көркем-эстетикалық деңгейін өте жақсы деп бағалауға болады.

Сыныпта өткен тәрбие шараларының мазмұнынан оқушылардың аса ықыласпен қабылдағаны «Мир добрых дел», «Семья и семейные ценности » тақырыбындағы тәрбие сағаттары. Оқушылардың рухани дамуы мен қалыптасуына әсер еткен тәрбие шаралары «Язык-душа народа», «Все зависит от нас » тақырыптарындағы шаралар болды.

Ата-аналармен мынадай жұмыстар жүргізілді:
Ата-аналар жиналыстары: Ата-аналар комитетін сайлау.

1-тоқсан бойынша: «Баланың бас ұстазы- ата-ана» тақырыбында баяндама тыңдап, тоқсандық оқу үлгерімі қорытындысымен танысты және қауіпсіздік ережелерімен танысты.

2-тоқсан бойынша «Отбасындағы ата-ананың рөлі» тақырыбында жиналыс өтіп, ата-аналар сауалнамаға белсене қатысты. Балаларының оқу үлгерімімен танысып, қауіпсіздік ережелеріне қол қойды. Әр жиналысқа ата-аналар толығымен қатысып, сауалнама, сұрақ-жауаптармен жұмыста белсенділік танытты.

3-тоқсан бойынша: «Какие профили предусмотрены для обучающихся на уровне среднего общего образования? » тақырыбында баяндама тыңдап, ойларымен бөлісті, тоқсандық оқу үлгерімі қорытындысымен танысты және қауіпсіздік ережелерімен танысты.

4-тоқсан бойынша «Отбасындағы ата-ананың рөлі» тақырыбында жиналыс өтіп, ата-аналар сауалнамаға белсене қатысты. Балаларының оқу

үлгерімімен танысып, қауіпсіздік ережелеріне қол қойды. Әр жиналысқа ата-аналар толығымен қатысып, сауалнама, сұрақ-жауаптармен жұмыста белсенділік танытты.

Сынып оқушыларының бойында өз еңбегімен қатар өзгенің еңбегін қадірлеуге, тұрақтылықтың тиімділігін білу, әділдікті сүйю, өз ойын еркін айту сияқты қасиеттердің қалыптасуына үлес қостым. Олардың жеке тұлға ретінде қоғамның бір мүшесі екенін ұғындыра білдім деп айта аламын.

Оқу жылының қорытындысы бойынша сыныпта оқу екпіндісі – Магомедова Камила, үздік – Кибашева Жанель. Кибашева Жанель алтын белгіге үміткер оқушы. Сыныптың білім сапасы-100%, үлгерімі - 100%.

Екі оқушы да мектеп өміріне белсене араласады. Аудандық, облыстық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Олардың кейбіреуіне тоқталатын болсақ, С. Мәуленовтің 100 жылдығына арналған аудандық мәнерлеп оқу сайысында Кибашева Ж жүлделі ІІ орынды иеленді. “І. Жансүгіров” оқуларының аудандық кезеңінде Кибашева Ж жүлделі І орынды иеленіп, облыстық кезеңіне де қатысты. Магомедова К “М.Мақатаев оқуларына” қатысып, белсенділік танытты.

Қорытындылай келе, 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы жоспарға сай жүргізілді деп айта аламын. Оқушылардың өзара қарым-қатынасы, тәртібі, сабақ үлгерімі жақсы деңгейде. Ата-аналарымен байланыс тұрақты. Оқушылардың ұлттық құндылықтар мен құқықтық сауаттылық деңгейлері жоғарылады. Өз болашақтарын нақты анықтап, мамандық таңдауда саналы шешім қабылдауға дайын.

Сынып жетекшісі: Дайтова С.К. Дәйтова С.К